	өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге үйретуді жалғастыру. **4. Дене тәрбиесі** «Допты қақпаға тебу» **Міндеті:** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдауға үйретуді жалғастыру.	қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулуды жалғастыру **4. Музыка** «Ұшағым» **Міндеті:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіруге баулуды жалғастыру. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыруды жалғастыру.	бұлттар) толықтыра білу. **Сурет салу.** Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Түстерді өз қалауы бойынша таңдауға үйрету. **Мүсіндеу.** Қолдың және саусақтардың ұсақ моторика қимылдарын, бөліктерді біріктіріп, жапсыру тәсілдерін жетілдіру. Мүсіндеуден кейін құралдарды жуып, орындарын жинастыру дағдыларын бекіту. **Құрастыру.** Дәннің түрлерін (үрмебұршақ, күріш, қарақұмық) қолданып, беткейге жапсыру арқылы бейнелер жасауға баулу **4. Дене тәрбиесі** «Секіру 6,8см» **Міндеті:** бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 см); бір аяқпен	Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге мүмкіндік беруді жалғастыру. **4. Музыка** «Құлан» **Міндеті:** **Музыка** Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыруды жалғастыру. Балаларды белсенділікке, дербестікке баулуды жалғастыру. Музыкалық дауылпаз аспаптарда ойнау тәсілдермен таныстыруды жалғастыруды жалғастыру	жалғастыру, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыруды жалғастыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. **4. Дене тәрбиесі** «Лақтыру 4,5м» **Міндеті:** допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алуға үйретуді жалғастыру (арақашықтығы 4–5 метр).

			және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіруге үйретуді жалғастыру.		
2-ші таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулуды жалғастыру бойынша жеке жұмыс. Гигиеналық шараларды орындау **(мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, еңбек әрекеті**, (кезекшілік). Тамақтану (балалардың үстел басында дұрыс отыруын қадағалау, алаңдамау **(Үнемді тұтыну)**				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	**Аспанды бақылау (карта №9)** **Міндеті:** Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. **Көркем сөз** Тең, тең,тең киіз, Екі ортасы кең киіз. (Аспан, Жер) **Ырым** Аспанды бұлттар басса, ауа райының бүлінуі ұзаққа созылады	**Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)** **Міндеті:** Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. **Көркем сөз** Жұмбақ: Шидиген ұзын сирағы, Тастай керең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге, Аспалы торлар құрады. (өрмекші)	**Топырақты бақылау. (карта №11)** **Міндеті:** Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. **Көркем сөз** «Қарашы күз келді, күз келді, Сары алтын жауыпты іздерді» **Қимыл- қозғалыс ойыны:**	**Алғашқы суық түскенін бақылау (карта № 12)** **Міндеті:** Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару. Ертеңгіліклік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. **Көркем сөз** Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан, Күз болып дымқыл тұман жерді басқан. (А. Құнанбаев)	**Тоғанды бақылау (карта № 13)** **Міндеті:** Тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру. **Көркем сөз** Суда оның өмірі, суда оның қорегі. Ол не? (балық)

	Қимыл- қозғалыс ойыны: **«Ұшақтар»** Әр түрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту (балалар алаңда жұмыс істеп тұрған **мо**тор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді), белгі бойынша («Моторды қос!», «Отырғызу басталды!») қимыл жасай алуға үйретуді жалғастыру. **Еңбектену әрекеті** Тәрбиешімен бірге құрғақ жапырақтарды жинау Учаскедегі құрғақ жапырақтарды жинау, оларды шаруашылық аулаға шығару. Құралдарды қолдана алу дағдыларын дамыту. Біріге еңбектене алуға тәрбиелеу. Жолдастарына көмек көрсету. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**	Жаңылтпаш: Шын еңбекші – өрмекші. Өрмекші – шын өрнекші (М. Әлімбаев) **Ырым** Кемпір күздің бірінші күні ашық болса, күз жылы болады. **Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Секіріп түс те, бұрыл» «Хоп!» деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйретуді жалғастыру. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу) **Еңбектену әрекеті** Ағаштардың түбін қопсыту Балаларды жұмысқа қажетті құралдарды дайындай алуға үйретуді жалғастыру. Ортақ пайда үшін еңбектенуге, жолдасына көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау**	«Арқан тарту» Балалардың физикалық және моральдық еркін, достық қарым-қатынасын дамыту. **Еңбектену әрекеті** Гүлзардағы жұмыс (тәрбиешімен бірге) Күзгі жерді қопсытуға қатыстыру. Еңбек етуге дұрыс көзқарасын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау** **Тәжірибе.** Ауа райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру **Қорытынды.** Топырақ жылы, оны күн қыздырды «Қатені тап» Жылдың әр мезгіліндегі топырақтың жағдайы жайлы балалардың не білетіндігін анықтау. **Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (жоғарыда, төменде) **Өзіндік іс-әрекет** Балалар ойындарының тақырыбы мен	**Ырым** Қазанда жер жабылады, кей жер жапырақпен, кей жер қармен Сары шымшық ысқырса – шынымен күз болғаны **Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Пішінді жаса» Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу **Еңбектену әрекеті** Қажетінше Учаскедегі ұқыпсыздық жағдайды көре алуға және тәртіпке келтіруге үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын. Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау** «Кім қызық ат тауып атайды» Шығармашылық қиялын, тілін дамыту. Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру (су, мұз –	«Тоңбайын деді де Көл мұздан тон киді» **Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Кішкене балықтар мен шортан» Қимыл - қозғалыс белсенділігіне, белгі бойынша шапшаң қимыл жасауға үйретуді жалғастыру. Ұжымда өзара дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру. **Еңбектену әрекеті** Табиғат бұрышындағы құстарды қыста қоректендіру үшін құм салып алу Бастаған ісін аяқтауға үйретуді жалғастыру. Айналадағыларға пайда келтіруге ынтасын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**. **Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау** «Жұмбақты шеш» (суда мекен етушілер)

	«Бұлтты күні, ашық күні аспан қандай болатынын айт» Түрлі ауа райындағы аспанды суреттей алуын бекіту. Балалардың сөздік қорын байыту. **Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (сол жақта, оң жақта) **Өзіндік іс-әрекет** Үлкендердің азғана көмегімен балалардың ойынға ыңғайлы жерді таңдай білуін, ойын жағдайын ұйымдастыра алуын қалыптастыру. Ойында құмдағы құрылыстарды пайдалана білуін дамыту **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	«Ерте күз белгілерін ата» Ерте күз туралы балалардың білімдерін байыту және жүйелеу. **Тәжірибе.** Көбелек құртын өрмектен шығару Өрмекпен жабысып қалған жапырақтарды банкаға салып топқа әкелу. **Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (сол жақта, оң жақта **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	мазмұнын дамыту және байыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру; қатарластарының ұсыныстарымен, рөлді, ойыншықтарды, міндеттерді бөлісу бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы формада білдіре алуын дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	мұзды су; аяз, күз – аязды күз) **Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (жоғарыда, төменде) **Өзіндік іс-әрекет** Ойын түрін таңдауда өз бетінше әрекет жасауын, бастама жасауын дамыту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	Балаларды жұмбақтарды шешуге үйретуді жалғастыру. Логикалық ойлауын дамыту (балықтар, өзен, шаян, бақа, ұлу, үйрек туралы жұмбақтар) **Тәжірибе.** Ұлғайтқыш шынылан құмды қарау. **Қорытынды.** Құм еш затпен бір - бірімен өзара байланыспаған ұсақ және ірі құмшалардан тұрады. **Жеке жұмыс:** заттарды кеңістікте орналастыруға үйретуді жалғастыру (жоғарыда, төменде) **Өзіндік іс-әрекет** **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйретуді жалғастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(Үнемді тұтыну)**
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. Өз төсек орнын тауып жатуды үйретуді жалғастыру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (**көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйретуді жалғастыру. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйретуді жалғастыру. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйретуді жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** **Ұйқыдан кейінгі жаттығулар** № 6 **Керуеттегі жаттығулар** Ояну жаттығу. - «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. - «Оянамыз көздерім!»- бинокльге қараймыз. - «Қайырлы таң құлақ!» - құлақты сипаймыз, «Оянамыз, құлақтар!» - алақанды тосамыз. - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.
- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.

Керует жанындағы жаттығулар
- Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу.
- Қол белде, оңға, солға иілу .
«Отырайық жүрелеп,
Гүлді үзіп алайық.
Орнымыздан түрегеп,
Басқа гүлге барайық».
- Қолымыз иықта, алға, артқа есу.
- Қол белде оң аяқпен 3рет, сол аяқпен 3 рет, қос аяқтап 3рет секіру.
- Кілемге жатып, аяқты созып, бірге көтеру қалыпқа келу.
- Аяқты алға созып көтеру, қайшылау, түсіру.
- Саппен жүріп өту.

Шынықтыру шарасы
«Денсаулық» жолымен жүру.
Арнайы жолдармен,
Жалаң аяқ жүреміз.
Табанға біз нүктелі,
Массаж жасау білеміз.

Демалуды қалыпқа келтіру
Тыныс алу жаттығулары.
Біз баламыз шыныққан,
Денсаулығы мықты жан.
«Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)
Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйретуді жалғастыру</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-</td><td>Бейнелеу іс-әрекеті:
«Жемістер бағы»
Міндеті:
Тірі табиғат заттарының бейнелерін</td><td>Дидактикалық ойын:
«Мен білемін, үйренемін»
Міндеті: Негізгі ойды дұрыс тұжырымдауға,</td><td>Сюжетті-рөлді ойыны: «Біз кинотеатрдамыз»
Міндеті:
Айналасындағылармен</td><td>Дидактикалық ойын: «Әуенді таны»
Міндеті: Әуенді тани білуге үйретуді жалғастыру. Ойын</td><td>Дидактикалық ойын: «Айлар, жыл мезгілдері»
Міндеті: Айлар, жыл мезгілдері</td></tr>
</table>

баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беруге (өсімдіктер) үйрету Түстерді өз қалауы бойынша таңдауға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** **«**Айгөлек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	өз пікірін айтуға үйретуді жалғастыру; Әңгімелерді бірізді айтып беруге үйретуді жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** **«**Ханталапай» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болуға үйретуді жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** **«**Әткеншек» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	элементтерін пайдалана отырып, музыкаға қызығушылықтарын дамыту. **(музыка****)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** **«**Бестемше» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**	туралы түсініктерді қалыптастыруды жалғастыру, олардың ретін білу және атау, **Сөздік минимум:** Ай атаулары: қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Ұлттық ойын – ұлт қазынасы:** **«**Тақия тастамақ» **Міндеті:** Ұлттық ойынға белсенділікпен қатысуды; бастамашылдық танытуды, ойын ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру **(дене тәрбиесі**) («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)**
Балалармен жеке жұмыс	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**	**Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті**

	«Құс» оригами **Міндеті:** «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға үйретуді жалғастыру**;** өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *А. Айзере* *Б. Арсен*	«Ағаш» суретін салу **Міндеті:** қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуге үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *А. Арлан*	«Кілем» жапсыру **Міндеті:** қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарымен таныстыруды жалғастыруды жалғастыру, жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауға үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *Б..Аиша, Ж.Амир*	«Құс» оригами **Міндеті:** «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға үйретуді жалғастыру**;** өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *М. Кәусар, Т. Алихан*	«Кілем» жапсыру **Міндеті:** қазақ оюының бөліктері туралы ұғымдарымен таныстыруды жалғастыруды жалғастыру, жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, жұмысты ұқыптылықпен орындауға үйретуді жалғастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** *К. Дінмұхамед, Н. Нурсана*
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйретуді жалғастыру. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйретуді жалғастыру. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Аспанды бақылау (карта №9)** **Міндеті:**Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аударту, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-**	**Күзгі өрмектің ұшуын бақылау (карта №10)** **Міндеті:** Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,**	**Топырақты бақылау. (карта №11)** **Міндеті:** Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болатына назар аудару. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті,**	**Алғашқы суық түскенін бақылау (карта №12)** **Міндеті:** Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне балалардың көңілін аудару. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті,**	**Тоғанды бақылау (карта № 13)** **Міндеті:**тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру. **(зерттеу іс-әрекеті, танымдық**

	әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)	**қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	**еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	**еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**	**іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) (экологиялық мәдениет)**
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Серуеннен оралдық, Көңілді боп таралдық. Аяқ, қолға дем беріп, Сауықтық та, ойнадық! Күн мен жел де күледі, Бәрі бізге тіледі. Қолды жуып, дем алайық, Кел, бөлмеге кірейік! **Мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет.** **Сөздік минимум**: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау, түймені дұрыс тағу				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Сөздік ойын**: «Кім жылдам?» (Жаңылтпаш айту) **Міндеті:** Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. Балаларды шешендік өнерге баулуды жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Әңгімелесу:** Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын: «**Жалғасын тап» (Мақал-мәтелдер) **Міндеті:** Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулуды жалғастыру. Балаларды шешендік өнерге баулуды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Сөздік ойын:** «Егер... не істейсің?» **Міндеті:** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Жұмбақ шешу — ой ашу» **Міндеті:** жұмбақтар шешу дағдыларын пысықтау. Балаларды шешендік өнерге баулуды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті; қазақ тілі***)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Бағдаршам» **Міндеті**: бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін	**Жоба: «**Кел, балалар, оқылық» **Дидактикалық ойын:** «Ертегіні жалғастыр» (Сөйлем құрау) **Міндеті:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруге үйретуді	**Жоба:** «Кел, балалар, оқылық» Театр қойылымдары. Ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау **Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға,

	Міндеті: Үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола	емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйретуді жалғастыру **Барысы:** Балаларға сұрақ қойылады: «Егер үйде жалғыз қалсаң және біреу есік қақса, не істейсің?» «Егер саябақта адасып кетсең, кімнен көмек сұрайсың?» «Егер қолыңды күйдіріп алсаң, не істеу керек?» **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға,	қалыптастыру. **Сөздік минимум:** бағдаршам, жүргіншілер жолы, самокат, велосипед. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	жалғастыру **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Жол белгілерін жина» (Пазл) **Міндеті:** Жол белгілерін тану. **Барысы:** Балаларға бөліктерге бөлінген жол белгілері (жаяу жүргіншілер өткелі, ескерту белгілері) беріледі. Олар оны құрастырып, белгінің не білдіретінін айтып беруі керек. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Айналасындағылар мен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап	түрлендіруге мүмкіндік беру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қауіпсіздік сабағы:** **Дидактикалық ойын:** «Жол жүру ережесі» **Міндеті**: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол туралы білімдерін қалыптастыру. **(«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)** **Еркін ойын** **Міндеті:** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге

	ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!	әдепті және сабырлы болу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Сөздік минимум:** татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Рұқсат па? Ренжімеңіз!		беруге машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	машықтандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға, әдепті және сабырлы болу **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотоларды жіберуін сұрау.	Балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау	Көрме: жұмбақ суреттері Балалар ата-аналармен бірігіп көрмеге суреттер салады	Демалыс күндерін балалардың ата-анасымен қалай өткізетінін туралы әңгімелесу

1 апта

Дидактикалық ойындар:

«Сөздер»
Міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйретуді жалғастыру.
Ойын ережесі: Балаларға белгілі бір сөздер беріледі. Ойын шарты бойынша балалар сөздегі дыбыстарды кезекпен атап, олардың дауысты немесе дауыссыз екенін ажыратуы және сөзді толық дыбыстап шығуы тиіс.

«Жолды көрсет»
Міндеті: Қағаз бетінде бағдарлауды үйретуді жалғастыру.
Ойын ережесі: Балаларға алдындағы қағаз парағында белгіленген нүктелер мен бағыттар бойынша (оңға, солға, жоғары, төмен) сызықтар сызу арқылы көрсетілген нысанаға (мысалы, үйшікке) жететін жолды дұрыс табу талап етіледі.

«Қажет пе, әлде қалаймын ба?» (Ойын-сұрыптау)
Міндеті: Бірінші кезектегі қажеттіліктер мен жай ғана тілектерді ажыратуға үйретуді жалғастыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарына дұрыс жауап беру.

Ойын ережесі: Тәрбиеші әртүрлі заттардың суреттерін көрсетеді. Балалар бұл заттың адам өміріне ең бірінші керек маңызды қажеттілік (нан, су, киім) немесе жай ғана тілек (ойыншық, тәтті) екенін анықтап, тиісті топқа сұрыптауы керек.

«Есімдер әлемі»
Міндеті: Баланың өз есіміне деген құқығын түсіндіру, өзін-өзі құрметтеуге үйрету.
Ойын ережесі: Балалар шеңберге тұрады. Сиқырлы таяқшаны немесе допты алған бала өз есімін еркелетіп айтуы керек (мысалы: «Менің атым — Айсұлтан, мені анам Айсу деп еркелетеді»).
«Ақша қайдан келеді?»
Міндеті: Отбасылық бюджет және еңбек туралы түсінік беру.
Ойын ережесі: Балалар мамандық иелерінің суреттері мен олардың атқаратын еңбектерін байланыстырады. Ақшаның тек адал еңбекпен табылатынын айтып, сұрақтарға жауап береді.

«Біздің отбасының бюджеті»
Міндеті: Ақшаның жұмсалу бағыттарын көрсету.
Ойын ережесі: Балаларға отбасылық кіріс пен шығыстардың (коммуналдық төлемдер, тамақ, киім және ойыншықтар) карточкалары беріледі. Ақшаны бірінші кезекте неге жұмсау керектігін ережеге сай таңдап түсіндіреді.

«Шатастырушы» (Серуенде)
Міндеті: Ағаш бұталарының тұқымын салыстыру, қандай бұтадан алынғанын айыра білу.
Ойын ережесі: Тәрбиеші серуенде жиналған бұтақтар мен жапырақтардың, тұқымдардың орнын әдейі ауыстырып балаларды шатастырады. Балалар қателікті тауып, қай жапырақ немесе тұқым қай ағашқа тән екенін дұрыс сәйкестендіруі қажет.

«Өсімдік бөлімдерін ата» (Серуенде)
Міндеті: Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету.
Ойын ережесі: Балалар табиғаттағы өсімдікті көрсетіп, оның негізгі бөлімдерін (сабақ, жапырақ, түбір, гүлі, жемісі) ретімен және қатесіз атап шығуы тиіс.

«Жұмыс жасау үшін не қажет?» (Серуенде)
Міндеті: Түрлі кәсіп иелеріне қажетті құрал-саймандар туралы білімдерін бекіту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші белгілі бір кәсіпті (мысалы, аула тазалаушы, дәрігер) атағанда, балалар сол кәсіпке тек қана қажетті құралдарды (сыпырғыш, қалақ) атап немесе карточкадан тауып көрсетуі керек.

«Түстерді ажырат» (Серуенде)
Міндеті: Киімдерді табу және нақты түстерін ажырату дағдысын қалыптастыру.

Ойын ережесі: Тәрбиеші бір түсті атайды (мысалы, қызыл). Балалар айналасынан немесе өтіп бара жатқан адамдардың киімінен сол түсті тез тауып, көрсетуі қажет.

«Ойлан, тап, ата!» (Серуенде)
Міндеті: Машинаның негізгі бөлшектері мен кабина құрылғыларын атай білуге оқыту.
Ойын ережесі: Балаларға көліктің суреті көрсетіледі. Тәрбиеші белгілеген бөлшекті (кузов, рама, руль, т.б.) балалар тез әрі дәл атап беруі тиіс.

«Көшеде» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жаяу жүргіншілер жолы) туралы білімді қалыптастыру.
Ойын ережесі: Балалар макет немесе сурет арқылы көліктердің жүретін жолын және жаяу жүргіншілердің жүру ережесін, тротуар мен велосипед жолын ажыратып көрсетеді.

«Жолда жүру тәртібі» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бағдаршамның түстерін көрсеткенде, балалар ережеге сай қимылдар жасайды: қызыл жанғанда — тоқтап тұрады, сарыда — дайындалады, жасылда — тұрып адымдайды.

«Төтенше жағдай сөмкесі» (Қауіпсіздік сабағы)
Міндеті: Логиканы дамытып, қауіпсіздікке қажетті заттарды таңдауға үйрету.
Ойын ережесі: Ортадағы әртүрлі заттардың ішінен (ойыншықтар, сіріңке, дәрі-дәрмек қобдишасы, кәмпит) бала «Орманға серуенге шыққанда өзімізбен бірге не алуымыз керек?» деген сұраққа жауап беріп, тек қажетті қауіпсіз заттарды себетке жинап, себебін түсіндіреді.

Музыкалық ойындар

«Көңілді паровоз»
Міндеті: Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырату.
Ойын ережесі: Музыка ойналғанда балалар бір-бірінің артына тұрып «паровоз» болып жүреді. Музыканың сипаты өзгергенде (тез, баяу, көңілді, мұңды) паровоздың қозғалыс жылдамдығы мен бағыты да соған сай өзгеруі тиіс.

«Музыкадағы үш кит»
Міндеті: Музыканың негізгі үш жанрын (ән, би, марш) ажырата білуге үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші әртүрлі музыкалық шығармаларды қосады. Балалар марш ойнаса — саппен жүреді, би музыкасы ойнаса — билейді, ән ойнаса — қолдарын толқындай қозғап тыңдайды немесе қосылып айтады.

«Көңілді – мұңды»
Міндеті: Музыкалық шығарманың мажорлық (көңілді) және минорлық (мұңды) көңіл-күйін ажырату.
Ойын ережесі: Балаларға көңілді және мұңды бейнелердің карточкалары беріледі. Музыка ойнағанда оның сипатына қарай тиісті карточканы жоғары көтерулері керек.

«Үнінен таны»
Міндеті: Музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату және қарапайым әуендерді жеке орындау.
Ойын ережесі: Тәрбиеші тасада тұрып бір музыкалық аспапта ойнайды. Балалар дыбысынан аспаптың атын тауып, содан кейін сол аспапта таныс әуенді өздері жеке орындап көреді.

«Музыкалық сағат»
Міндеті: Музыканың динамикалық ерекшеліктерін, ырғағы мен көңіл-күйін сезіну.
Ойын ережесі: Сағаттың тілі сияқты шеңбер бойымен музыка ырғағымен жүреді. Музыка тоқтағанда сағат тілі қай баланың тұсына келсе, сол бала музыканың сипатын айтып береді немесе тапсырма орындайды.

«Аспаптар»
Міндеті: Музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді жеке орындау дағдысын бекіту.
Ойын ережесі: Балалар өздері қалаған музыкалық аспапты таңдап алып, тәрбиешінің белгісімен кезектесіп немесе ансамбльмен қарапайым ырғақты әуенді орындайды.

2 апта

Дидактикалық ойындар

«Күзгі жапырақтарды зерттеу»
Міндеті: Туған өлкенің өсімдіктері туралы түсініктерін кеңейту.
Ойын ережесі: Балалар күзгі жапырақтарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай топтастырып, олардың қай ағаштан (қайың, үйеңкі, терек) түскенін анықтайды.

«Бейнеле»
Міндеті: Штрихтар, бояуларды араластыру, кляксография сияқты бейнелеу әдістерін дамыту.
Ойын ережесі: Балаларға берілген тапсырма бойынша карточкадағы немесе тақтадағы бейнені түрлі бояу әдістерін қолдана отырып, қағаз бетіне шығармашылықпен бейнелеп шығуы керек.

«Дүкенге саяхат» (Қажеттілік пен қалауды ажырату)
Міндеті: «Керек» және «қалаймын» ұғымдарын түсіндіру, 10 көлеміндегі сандарды санау.
Ойын ережесі: «Дүкеннен» заттар сатып алғанда, балалар бірінші кезекте ең қажетті заттарды (азық-түлік) таңдап алып, оларды ретімен санап, себетке салуы тиіс. Жай ғана қалау (тәттілер) соңынан қарастырылады.

«Кімнің құқығы бұзылды?»
Міндеті: Ертегі кейіпкерлерінің мысалында балаларды құқықтармен таныстыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші ертегіден үзінді оқиды (мысалы, Қасқырдың торайлардың үйін бұзуы). Балалар қай кейіпкердің қандай құқығы (баспанаға тиіспеушілік) бұзылғанын тауып айтуы керек.

«Рұқсат етіледі – Тыйым салынады»
Міндеті: Қоғамдағы тәртіп және құқық ережелерін үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші әртүрлі іс-әрекеттерді айтады. Егер бұл баланың құқығы немесе жақсы іс болса, балалар шапалақ ұрады («Рұқсат»), егер жаман мінез-құлық немесе тыйым салынған әрекет болса, аяқтарын тыпырлатады («Тыйым»).

«Бұл не? Қажеттілік пе, әлде қалау ма?»
Міндеті: Ең маңызды заттарды ермек үшін алынатын заттардан ажырату.
Ойын ережесі: Карточкалармен жұмыс. Балалар нан, су, дәрі сияқты карточкаларды «Қажеттілік» тобына, ал шар, балмұздақ суреттерін «Қалау» тобына ережеге сай бөліп орналастырады.

«Менің есімімнің мағынасы»
Міндеті: Әр баланың есім алу және құрметке ие болу құқығын түсіндіру.
Ойын ережесі: Балалар шеңберге тұрып, кезекпен өз есімдерін анық айтады және оның мағынасын немесе кім қойғанын әңгімелейді. Ереже бойынша ешкім бірін-бірі келемеждемей, мұқият тыңдауы тиіс.

«Тиынды жина» (Үнемшілдік және жинақтау)
Міндеті: Ақшаны үнемдеу, жинақ сандықшасының (копилка) қызметімен таныстыру.
Ойын ережесі: Балалар ойын тиындарын жинап, оларды үнемдеп жұмсау мен жинақ сандықшасына салу ережелерін үйренеді, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап береді.

«Қай жыл мезгілі?»
Міндеті: Сұрақтарға қысқа және толық нақты жауап бере отырып әңгімелесу.
Ойын ережесі: Тәрбиеші жыл мезгілдерінің белгілерін сипаттайды немесе суретін көрсетеді. Балалар ереже бойынша бұл қай мезгіл екенін тез тауып, оның ерекшеліктерін толық сөйлеммен айтып береді.

«Бұл қандай белгі?» (Серуенде)
Міндеті: Жол белгілерін айыра білуге және дұрыс атай білуге үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға жол белгілерінің карточкаларын көрсетеді. Балалар белгінің атын (жауапты) дәл айтып, оның жүргізуші не жаяу жүргінші үшін қандай маңызы бар екенін түсіндіреді.

Музыкалық ойындар (игр музыка)

«Музыкалық моншақтар»
Міндеті: Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, динамикалық ерекшеліктерін ажырату.
Ойын ережесі: Музыка дыбысының өзгеруіне (қатты, бәсең) байланысты балалар қолдарынан ұстап шеңберді үлкейтеді («моншақтар үзілді») немесе кішірейтеді («моншақтар жиналды»).

«Музыкалық үйшік»
Міндеті: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді жеке орындау.
Ойын ережесі: «Үйшіктің» ішінде тығылып тұрған аспаптар кезекпен дыбыс береді. Үйшіктен аспапты алып шыққан бала сол аспапта өз бетінше қарапайым таныс әуенді ойнап көрсетеді.

«Өз аспабыңды тап»
Міндеті: Дыбысталу ерекшелігіне қарай музыкалық аспапты дұрыс таңдап, ойнау.
Ойын ережесі: Балаларға әртүрлі аспаптар үлестіріледі. Тәрбиеші белгілі бір аспаптың үнін жазбадан қосады, дыбысы шыққан аспап иесі өз аспабын жоғары көтеріп, әуенді қайталап ойнауы керек.

3, 4 апталар

Тіл дамыту, сауат ашу және логикалық дидактикалық ойындар
«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»
Міндеті: Фонематикалық естуді, тілдік аппаратты дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын, дауысты/дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Ойын ережесі: Балалар аттың шабысын тілімен дыбыстап (тарсылдатып) салады. Сонан соң тәрбиеші айтқан сөздердің ішінен белгіленген дыбыстың (мысалы «Т» дыбысы) сөздің басында, ортасында немесе соңында тұрғанын тауып, дыбыстық талдау жасайды.

«Телеграф»
Міндеті: Артикуляциялық жаттығулар жасау, сөздерді буынға бөлуге үйрету.
Ойын ережесі: Тәрбиеші бір сөз айтады. Балалар «телеграфшы» болып, сол сөздің ішінде қанша буын болса, сонша рет қолдарын шапалақтап (немесе үстелді соғып) буын санын анықтайды.

«Кім жылдам?» (Жаңылтпаш айту)
Міндеті: Таза дикция мен тыныс алуды дамыту, шешендік өнерге баулу.
Ойын ережесі: Балалар берілген жаңылтпашты ереже бойынша мүдірмей, тез және дыбыстарды анық айтып шығу жарысына қатысады.
«Жауабын айт»
Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау, ұлттық тұрмыстық сөздердің мағынасын түсіну.
Ойын ережесі: Тәрбиеші киіз үй жабдықтары туралы сұрақ қояды немесе сөйлемді бастайды (мысалы: «Киіз үйдің төбесі...»). Балалар сөз мағынасына қарай «шаңырақ» деп жауап беріп, сөйлемді аяқтайды және сөйлемде қанша сөз бар екенін талдайды.

«Көмекке мұқтаж кейіпкерлер» (Жағдаяттық ойын)
Міндеті: Балаларды денсаулық сақтау және білім алу құқықтарымен таныстыру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші ауырып тұрған Аюдың немесе мектепке барғысы келетін Түлкінің суретін көрсетеді. Балалар: «Аю дәрігерге бару керек, өйткені әр бала емделуге құқылы» деп жағдаяттың дұрыс шешімін табады.

«Сиқырлы сандықша» (Құқықтық сауаттылық)
Міндеті: Әр баланың қайталанбас тұлға екенін, өз есіміне және жеке басына құқығы бар екенін бекіту.
Ойын ережесі: Сандықтың түбіне айна қойылады. Тәрбиеші: «Бұл сандықтың ішінде әлемдегі ең қымбат, ең ерекше адамның суреті бар» дейді. Балалар кезекпен қарап, айнадан өзін көреді де, өз есімі мен құқықтарын атайды.

«Көмекке кел» (Жағдаяттық ойын)
Міндеті: Қамқорлық пен отбасы құқығын түсіндіру.
Ойын ережесі: Тәрбиеші жағдаят айтады: «Қонжық ауырып қалды, бірақ оған ешкім қарамады». Балалар бұл жағдайдың дұрыс емес екенін айтып, шешім ұсынады: қонжықты «емдейді», оған «анасы» болып қамқорлық жасайды.

«Егер... не істейсің?» (Қауіпсіздік сөздік ойыны)
Міндеті: Жақсы мен жаманды, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін ажырату.
Ойын ережесі: Балаларға сұрақтар қойылады: «Егер үйде жалғыз қалсаң және біреу есік қақса, не істейсің?», «Егер саябақта адасып кетсең, кімнен көмек сұрайсың?». Балалар дұрыс әрі қауіпсіз әрекет жолын айтып жауап беруі тиіс.

«Мақал-мәтелді жалғастыр!»
Міндеті: Сөздік қорды, ойлау қабілетін және тапқырлықты дамыту.
Ойын ережесі: Тәрбиеші мақалдың бірінші бөлігін айтады (мысалы: «Еңбек түбі...»). Балалар тез арада оның жалғасын («...береке») тауып, мағынасын түсіндіруі керек.

Ұлттық қимыл-қозғалыс және спорттық ойындар

«Жүзік жасырмақ»
Міндеті: Ұлттық ойын ережелерін сақтау, тапқырлық пен зейінді дамыту.
Ойын ережесі: Балалар шеңбер бойымен қолдарын алға созып отырады не тұрады. Жүргізуші уысындағы жүзікті білдіртпей бір баланың қолына салады. Басқа қатысушылар жүзіктің кімде екенін табуы керек.

«Әткеншек»
Міндеті: Ұлттық ойынға белсенді қатысу, қимыл үйлесімділігін дамыту.
Ойын ережесі: Балалар шеңбер құрып тұрады, ойын ережесіне сай белгілі бір ырғақпен, қол ұстасып немесе арнайы құралмен әткеншек тәрізді айналып, қозғалыстарды кезекпен орындайды.

«Бестемше»
Міндеті: Ұлттық ойын арқылы логикалық ойлауды, ептілікті дамыту.
Ойын ережесі: Балалар арнайы ұяшықтары бар тақтада (немесе DIY қолдан жасалған тақтада) құмалақтарды ереже бойынша бөліп салып, логикалық есептеулер арқылы ойнайды.

«Ханталапай»
Міндеті: Жылдамдықты, ептілікті, саусақ моторикасын дамыту.
Ойын ережесі: Ортаға асықтар шашылады. «Ханталапай!» деп айтылғанда, балалар ортадағы асықтарды тез жинап алуы керек. Кім көп асық жинаса, соның ұпайы көп болады. Хан асығы түссе, ереже бойынша ерекше ұпай беріледі.

«Тиынды жина» (Эстафеталық ойын)
Міндеті: Жылдамдықты дамыту, қаржылық ұғымдарды бекіту.
Ойын ережесі: Балалар командаға бөлінеді. Белгі бойынша әр топтың ойыншысы кезекпен жүгіріп барып, белгіленген жердегі «тиынды» (муляж) алып, өз тобының жинақ сандықшасына әкеліп салуы тиіс. қай топ бірінші бітсе, сол жеңеді.

«Соқыртеке» (Серуенде)
Міндеті: Кеңістікте бағдарлау, ойын ережесін дәл орындау.
Ойын ережесі: Ортада көзі байланған «соқыртеке» тұрады. Басқа балалар оның айналасында жүреді. Соқыртеке біреуді ұстап алып, атын атап тануы керек. Егер соқыртеке шекарадан шығып кетсе, балалар оны «от» деген сөзбен ескертеді.

«Тақия тастамақ» (Ұлттық ойын – серуенде)
Міндеті: Жылдамдықты, ептілікті дамыту.
Ойын ережесі: Балалар шеңбер құрып, тізерлеп отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртымен жүгіріп жүріп, білдіртпей бір баланың артына тақияны тастап кетеді. Артына тақия тасталған бала оны сезіп қойса, тақияны алып, жүргізушіні қуып жетуі керек. Жүргізуші бос орынға бірінші болып отырып үлгерсе, қуған бала жүргізуші болады.

«Айгөлек» (Ұлттық ойын – серуенде және дербес әрекетте)
Міндеті: Ауызша дабылдар бойынша әрекет етуді, күштілікті, ұйымшылдықты дамыту.
Ойын ережесі: Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып, қарама-қарсы тұрады. Бір топ: «Айгөлек-ау, айгөлек...» деп қарсы топтан бір баланың атын атайды. Аталған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың ұстасып тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Үзіп өтсе, сол топтан бір баланы өз тобына алып кетеді, үзе алмаса — өзі сол топта қалады.

Саусақ жаттығулары:

«Сөздер»
1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)
Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)
Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды)
Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мұйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)
Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды)
Қарбыз-жолақты сөз екен

«Үкі»
Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))
Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»))
Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))
Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))
Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)
Қараңғыға қанат қақты

Тәжірибелер:

1.Жығылмайтын момын — Ванька

Тіл алғыш және тілазар жұмыртқа

Алдымен шикі бүтін жұмыртқаны доғал немесе өткір жағымен қоюға тырысыңыз. Содан соң тәжірибеге кірісіңіз. Жұмыртқаның басында сіріңкенің шиінің басы сияқты тесік тесіп ішіндегін үрлеңіз. Ішін жақсылап жуыңыз. Жұмыртқаның қабығының ішін бір-екі күн жақсылап кептіріңіз. Содан соң тесікті гипспен жақсылап тұрып жабыстырып желім бор немесе ақ сырламен жақсылап тесік білінбейтіндей бояңыз. Қабыққа бір ширекпен таза және құрғақ құм себіңіз. Осылайша екінші тесікті де жабыстырыңыз. Тіл алғыш жұмыртқа дайын. Енді жұмыртқаны бізге керекті жағдайға қою үшін жұмыртқаны жай ғана сол қоятын жаққа қарай сілку керек. Сонда ішіндегі құм онын тепе-теңдікті сақтай отырып жұмыртқа сол жағдайда тұрады. Ал Ванька-встаньканы (неваляшканы) жасау үшін құмның орнына жұмыртқаға май шамның стеаринын ұсақтап 30-40дана салу керек. Стеарин ериди, ал қатқан соң ұсақтар жасап оларды қабыққа жабыстыру керек. Енді тесіктерді білдіртпей жабыңыз.

Неваляшканы орнату мүмкін емес. Тіл алғыш жұмыртқа үстелдің үстінде де және стақанның шетінде және пышақтың басында да тұрады.

2.Сиқырлы айна немесе 1? 3? 5?

90˚ астам бұрышпен екі айнаналарды қойыңыз. Бұрышқа бір алманы қойыңыз. Мұнда басталады, бірақ нағыз керемет басталады былай. Алма үшеу болды. Ал егер де айна арасындағы бұрышты біртіндеп азайта берсе, онда алма саны көбейеді. Басқаша айтқанда айналардың бұрыштары жақындаған сайын көп заттар көріне бастайды. Өзіңіздің балаңыздан сұраңыз бір алманы кеспей 3,5,7 алма жасайға болады ма деп сұрасаңыз. Ол сізге не деп жауап береді? Ал қазір жоғарыдағы тәжірибені қойыңыз.

3.Тіземдегі шөптің жасыл ізін қалай тазалауға болады?

Кез келген жасыл өсімдіктің жас жапырағын алыңыз, оны міндетті түрде стақанға салыңыз және кішкене арақ құйыңыз. Стақанды ыстық су бар кәстүрелге салыңыз (су буы моншасынды) бірақ ең түбіне кез-келген ағашты дөңгелекті кәстүрелдің түбіне салыңыз. Кәстүрелдегі су суыған кезде стақаннан қыстырғышпен жапырақтарды алып шығыңыз. Олар түстерін жоғалтады, ал арақ гауһардай жасыл болады, себебі жапырақтардан өсімдіктің жасыл бояуы хлорофил бөлінеді. Ол өсімдіктерге күн энергиясымен қоректенуге көмектеседі. Бұл тәжірибе өмірде пайдалы. Мысалы, егер балаңыз байқаусыздан тізесін немесе қолын шөппен былғап алса, онда оны одекалонмен немесе алкоголді спиртпен кетіруге болады.

4. Электр зарядтары туралы тұжырымдама

Шағын ауа шарын үрлеңіз. Осы шарды жүнге немесе теріге одан жақсысы өзіңіздің шаштарыңызға уқалаңыз, осы кезде сіз шар бөлмедегі бүкіл заттарға жабыса бастағанын көресіз; шкафқа, қабырғаға ал енді ең бастысы – балаға.

Бұл заттардың барлығында белгіленген электр зарядтары бар екенін түсіндіреді. Әр түрлі материалдардың байланысы нәтижесінде электр зарядтары бөлінеді.

5. Билейтін фольга
Алюминді фольганы (шоколадтың немесе кәмпиттің жылтыр қабығын) өте ұзын және тар жолақтар қиыңыз. Тарақ сияқты шаш арқылы өткізіп, содан соң оны сегменттерге жақын әкеліңіз. Осы кезде жолақтар «билей» бастайды. Бұл дегеніміз олар бір-біріне оң және теріс электр зарядтарын таратады.

6. Ауа шарын оған зиянының тигізіп алмай қалай жаруға болады?
Егер де әуе түйіршікті тессек онда бала оның жарылатынын біледі. Түйіршіктің (шардың) екі жағына кішкене скотч жабыстырыңыз. Енді сіз шарды скотч арқылы оған ешқандай зиянын тигізбей жара аласыз.

7. Жүзімнен жасалған су асты қайығы
Стақанға жаңа газдалған су немесе лимонды құйып оған жүзімді салыңыз. Ол судан кішкене ауырлау болғандықтан ол стақанның түбіне түседі. Бірақ оған осы сәттен бастап газдың кішкентай көпіршіктері отыра бастайды. Ары қарай олар көп бола бастағандықтан жүзім қалқи бастайды. Бірақ жоғарыдағы көпіршіктер жарылады және газ ұшып кетеді. Ауырлаған жүзім егісіні тағы да стақан түбіне түсе бастайды. Осында олар тағы да газды көпіршіктермен жабылады және тағы да қалқиды. Ал балықтарда жүзу көпіргіштері бар. Оған бату үшін бұлшықеттері қымқырылып алады, осылайша көпіршік пайда болады. Оның көлемі азайғандықтан балық су астын түседі. Ал көтерілу үшін балық бұлшықеттерін босатады сонда көпіргіштер тарай бастайды ол үлкейеді және балық судың үстене қарай қалқиды.